

«KOREM» АҚ
Басқармасының 2025
жылғы «29» қыркүйектегі
№03-02/25 шешімімен
бекітілген

**Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі жаңа
объектілерді және қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату
объектілерін салу жобаларын іріктеуге бағытталған аукциондық
сауда-саттықтарды ұйымдастыру және өткізу бойынша
Әдістемелік нұсқаулар**

Астана қ. 2025 жыл

Мазмұны:

1. Жалпы ережелер	3
2. Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі жаңа объектілерді салу жобаларын іріктеуге бағытталған аукциондық сауда-саттықтарды өткізуге дайындық.....	6
3. Өтініш берушілерді тіркеу және қатысушылардың аукциондық сауда-саттыққа қатысуға қол жеткізу тәртібі.....	7
4. Аукциондық сауда-саттыққа қатысуға арналған өтінімді қаржылық қамтамасыз ету	111
5. Аукциондық сауда-саттық ұйымдастырушысымен шарт жасасу және оның қызметіне ақы төлеу тәртібі	13
6. Аукциондық сауда-саттыққа қатысу тәртібі	16
7. Аукциондық сауда-саттық бағаларын есептеу және қорытындылау тәртібі..	18
8. Қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жобаларын іріктеуге арналған аукциондық сауда-саттықты өткізу тәртібі	22
9. Аукциондық сауда-саттықты тоқтату, кейінге қалдыру немесе болдырмау...	24
10. Аукциондық сауда-саттықты өткізу кезінде сауда залында байқаушылардың болуы	25
11. Сауда жүйесінде жұмыс істеу бойынша нұсқаулық өткізу	25

1. Жалпы ережелер

1. Осы Әдістемелік нұсқаулар жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі жаңа объектілерді және қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілерін салу жобаларын іріктеуге бағытталған аукциондық сауда-саттықтарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі бойынша (бұдан әрі – Әдістемелік нұсқаулар) Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2021 жылғы 21 желтоқсандағы № 466 бұйрығымен бекітілген, аукционға қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарын, өтінімнің мазмұны мен беру тәртібін, аукционға қатысуға өтінімді қаржылық қамтамасыз ету түрлерін және оларды енгізу мен қайтару шарттарын, Қорытынды шығару және жеңімпаздарды анықтау тәртібін қамтитын аукциондық сауда-саттықтарды ұйымдастыру және өткізу қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 17-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Әдістемелік нұсқаулардың негізгі мақсаты – «Электр энергиясы мен қуаты нарығының қазақстандық операторы» АҚ-ының (бұдан әрі – «KOREM» АҚ) аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізудің процесін реттеу және нақтылау.

3. Әдістемелік нұсқауларда келесі ұғымдар мен анықтамалар қолданылады:

1) аукциондық сауда-саттық – аукциондық сауда-саттықты ұйымдастырушы аукцион негізінде электрондық жүйеде ұйымдастыратын және өткізетін және жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерін орналастыру, оның ішінде электр энергиясын жинақтау жүйелерімен жарақтандырылған жоспары ескеріле отырып, осы жаңа объектілерді, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратудың жаңа объектілерін салу жөніндегі жобаларды іріктеуге және жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндіретін электр энергиясының аукциондық бағаларын айқындауға бағытталған процесс;

2) аукциондық баға – жаңартылатын энергия көзін немесе қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектісін пайдаланатын энергия өндіруші ұйым өндірген электр энергиясына біртұтас сатып алушы тарапынан сатып алу бағасы, ол аукциондық сауда қорытындысы бойынша айқындалып, тиісті шекті аукциондық бағадан аспайды;

3) банктік кепілдік – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 қаңтардағы № 21 қаулысымен бекітілген екінші деңгейдегі банктердің банктік кепілдіктер мен кепілгерліктер беру қағидаларына сәйкес ресімделген және банк клиенттің (қарыз алушының) өтініші бойынша үшінші тұлғаның (кредитордың) пайдасына берген жазбаша құжат, оған сәйкес банк көрсетілген шарттарда үшінші тұлғаға (кредиторға) белгілі бір ақша сомасын төлеуге міндеттенеді;

4) жаңартылатын энергия көздері (бұдан әрі – ЖЭК) – табиғи үдерістердің табиғи жолмен жүруі есебінен үнемі қалпына келіп отыратын энергия көздері; оларға мынадай түрлер жатады: күн сәулесінің энергиясы, жел энергиясы, судың

гидродинамикалық энергиясы; геотермалдық энергия: топырақтың, жер үсті және жерасты су объектілерінің жылуы; сондай-ақ бастапқы энергоресурстардың антропогендік көздері: тұтыну қалдықтары, биомасса, биогаз және тұтыну қалдықтарынан алынатын өзге де отын, олар электр және (немесе) жылу энергиясын өндіру үшін пайдаланылады.

5) сервердің жауап беру уақыты – «KOREM» АҚ Электрондық сауда жүйесінің сервері мен аукциондық сауда-саттыққа қатысушы оператордың жұмыс орны арасындағы жауап беру уақытының секундпен өлшенген сандық көрсеткіші;

6) кесте – уәкілетті орган бекіткен және оның интернет-ресурсында жарияланған аукциондық сауда-саттықтар өткізу кестесі;

7) сатып алу шарты – ЖЭК немесе қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектісін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымнан аукциондық бағалар бойынша электр энергиясын сатып алу туралы, Қаржы-есеп айырысу орталығы мен ЖЭК немесе қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектісін пайдаланатын энергия өндіруші ұйым арасында жасалатын шарт;

8) құжаттама – ЖЭК пайдалану бойынша жаңа объектілерді салу жобасының негізгі параметрлері дайындалған құжаттар;

9) өтініш беруші – аукциондық сауда-саттыққа қатысуға ниет білдіретін заңды тұлға немесе консорциум;

10) нұсқаулық – аукциондық сауда-саттыққа қатысушыларды сауда жүйесінің бағдарламалық жасақтамасымен жұмыс істеуге оқыту процесі;

11) қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектісін салу туралы ақпарат – қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілерін салу бойынша негізгі деректері дайындалған құжат;

12) жеке кабинет – аукциондық сауда-саттыққа қатысушысының аккредиттелген цифрлық жұмыс орны, ұйымдастырушы тарапынан логин мен пароль арқылы қолжеткізуге болатын арнайы интерфейс түрінде ұсынылады;

13) комиссия – Ұйымдастырушы құратын тақ (кемінде 7) адамнан тұратын комиссия. Құрамына уәкілетті органның, мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлердің ұлттық палатасының, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктерінің, жүйелік оператордың, бірыңғай сатып алушының және аукцион ұйымдастырушысының өкілдері кіруі мүмкін;

14) ЖЭК объектілерінің рұқсат етілген ең жоғары қуаты – электр энергетикалық жүйенің техникалық мүмкіндіктерін ескере отырып, электр желісіне қосылатын күн және жел электр станцияларының рұқсат етілген ең жоғары қуаты;

15) рұқсат етілген ең төмен орнатылған қуат көлемі – қатысушы жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша жаңа объект салу жобасын іске асыра алмайтын орнатылған қуат көлемінің ең төменгі шегі;

16) бақылаушы – сауда сессиясының өту барысын аукцион ұйымдастырушысының сауда залында бақылау үшін уәкілетті орган тағайындайтын жеке тұлға;

17) ЖЭК объектісі – жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып электр энергиясын өндіруге арналған техникалық құрылғылар, сондай-ақ ЖЭК нысанын пайдалану үшін технологиялық тұрғыдан қажетті ғимараттар мен инфрақұрылым, олар жаңартылатын энергия көздері объектісінің меншік иесінің балансында болады;

18) қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектісі – қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуға арналған техникалық құрылғылар мен қондырғылардың, сондай-ақ оларға қатысты ғимараттар мен инфрақұрылымның жиынтығы;

19) біржақты аукцион – аукциондық сауда-саттық қатысушыларының өтінімдерін ранжирленген тізімнен кезекпен таңдау арқылы жеңімпаздарды айқындауға бағытталған аукциондық сауданы ұйымдастыру формасы;

20) аукциондық сауда-саттық ұйымдастырушысы (Ұйымдастырушы) – уәкілетті орган айқындайтын және Заңда көзделген тәртіппен аукциондық сауданы ұйымдастыру мен өткізуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

21) қайталама аукциондық сауда-саттық – Қағидалардың 51-тармағында көрсетілген себептер бойынша аукциондық сауда-саттық өтпеді деп жарияланған жағдайда, Қағидаларда және осы Әдістемелік нұсқауларда айқындалған тәртіппен өткізілетін аукциондық сауда-саттық;

22) шекті аукциондық баға – электр энергиясына арналған аукциондық бағаның ең жоғарғы шамасы;

23) аукциондық сауда-саттық қатысушысының жұмыс орны – аукциондық сауда-саттық қатысушысының сауда жүйесіне, соның ішінде жеке кабинетке қол жеткізетін, жабдыққа қойылатын талаптарға сәйкес жабдықталған орны;

24) ранжирленген тізім – аукциондық сауда-саттық қатысушыларының өтінімдері көрсетілген бағалардың өсу ретімен реттелген тізім;

25) жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі Қаржы-есеп айырысу орталығы (Қаржы-есеп айырысу орталығы) – уәкілетті орган айқындайтын және Қазақстан Республикасының Заңына дейін қолданыста болған заңнамаға сәйкес аңартылатын энергия көздері және қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндірген электр энергиясын сатып алу-сату шарттарының тарапы болып табылатын заңды тұлға;

26) аукциондық сауда-саттық жеңімпаздарының тізілімі – аукциондық сауда-саттық қорытындысы бойынша ұйымдастырушы жасайтын және жүргізілген сауданың нәтижелерін растайтын құжат;

27) резервтік аккредитив – қарыз алушының бенефициар алдындағы міндеттемесін орындамаған жағдайда, аккредитив бойынша банк бенефициардың пайдасына төлеуге міндетті болатын банктің міндеттемесі. Резервтік аккредитив SWIFT жүйесі арқылы шығарылады;

28) электрондық құжат айналымы жүйесі (ЭҚАЖ) – қатысушылар арасындағы қатынастар Қазақстан Республикасының «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Заңымен және басқа да нормативтік құқықтық актілермен, соның ішінде электрондық Үкіметтің ақпараттық жүйелерімен реттелетін электрондық құжаттар алмасу жүйесі;

29) сауда-саттық сессиясы – аукциондық сауда қатысушыларының өтінімдерін беру, аукциондық баға мен көлемдерді айқындау және аукциондық сауда-саттық жеңімпаздарының тізілімін қалыптастыру процесі;

30) сауда жүйесі – интернет арқылы аукциондық сауда өткізуді қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық, техникалық және бағдарламалық компоненттердің жиынтығы;

31) электр желісіне қосылу нүктесі – жаңартылатын энергия көздері объектісі немесе қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектісі мен энергия беруші ұйымның электр желісі физикалық қосылатын орын;

32) уәкілетті орган – жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау саласында басқару және саларалық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

33) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган – қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласында басқару және саларалық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган және оның аумақтық бөлімшелері;

34) аукциондық сауда-саттық қатысушысы (қатысушы) – ұйымдастырушыда тіркеуден өтіп, қатысушы мәртебесін алған өтінім беруші;

35) бағаның өзгеру қадамы – аукциондық сауда-саттық қатысушысы сауда жүйесіне енгізетін жаңа өтінімнің бағасы төмендейтін интервал;

36) электрондық құжат – ақпарат электрондық-цифрлық нысанда ұсынылған және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы расталған құжат;

37) электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың шынайылығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермегенін растайтын электрондық цифрлық таңбалар жиынтығы;

38) қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату – қалдықтардың көлемін азайту және энергия алу мақсатында оларды термиялық өңдеу процесі, соның ішінде оларды екінші реттік және (немесе) энергетикалық ресурс ретінде пайдалану, бірақ биогаз және органикалық қалдықтардан алынатын басқа да отынды алу жағдайларын қоспағанда.

4. Осы Әдістемелік нұсқауларда қолданылатын өзге де ұғымдар Қазақстан Республикасының жаңартылатын энергия көздерін қолдау және пайдалану саласындағы заңнамасына және Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі» (бұдан әрі – Экологиялық кодекс) Кодексіне сәйкес қолданылады.

2. Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі жаңа объектілерді салу жобаларын іріктеуге бағытталған аукциондық сауда-саттықтарды өткізуге дайындық

5. Уәкілетті орган ЖЭК пайдалану жөніндегі жаңа объектілерді салу жобаларын іріктеуге және ЖЭК объектілері өндіретін электр энергиясының

аукциондық бағаларын айқындауға арналған аукциондық сауда-саттықтарды өткізу жоспарланған күнінен кемінде 1 (бір) ай бұрын Графикті әзірлеп, өз интернет-ресурсында жариялайды.

6. Аукциондық сауда-саттық кестеде көрсетілген, құрылысы жоспарланатын объектілерге қатысты электр желілерінің қосылу нүктелеріне қосылу мүмкіндігі және резервке қойылған жер учаскелері туралы ақпаратқа сәйкес жүргізіледі.

7. Сауда сессиясын ашқанға дейін құжаттамасы бар және құжаттамасы жоқ аукциондық сауда-саттықтарда, сондай-ақ еркін аукциондық сауда-саттықтарда Ұйымдастырушы сауда жүйесіне:

1) таңдап алынуы жоспарланған белгіленген қуат көлемдері, шекті аукциондық баға және Кестеге сәйкес өзге де ақпарат жөніндегі мәліметтерді енгізеді;

2) уәкілетті органнан алынған, ЖЭК пайдалану бойынша салуға жоспарланған объектілерге арналған резервтелген жер учаскелерінің бар екендігі және электр беруші ұйымдардың электр желілеріне қосылу мүмкіндігі, сондай-ақ қосылу нүктелері бойынша рұқсат етілген ең жоғары қуат туралы ақпарат;

3) Қаржы-есеп айырысу орталығынан алынған аукциондық сауда-саттыққа қатысуға арналған өтінімдерді қаржылық қамтамасыз ету мөлшерлері туралы ақпарат;

3. Өтініш берушілерді тіркеу және қатысушылардың аукциондық сауда-саттыққа қатысуға қол жеткізу тәртібі

8. ЖЭК пайдалану бойынша жаңа объектілерді салу жобаларын іріктеуге және ЖЭК объектілері өндіретін электр энергиясының аукциондық бағаларын айқындауға арналған аукциондық сауда-саттықтарға қатысушылар тізіміне енгізу үшін Өтініш берушілердің құжаттарын қабылдау және тіркеу Ұйымдастырушы тарапынан Графикте немесе өтпеді деп жарияланған аукциондық сауда бойынша қайталама аукциондық сауда-саттық өткізу туралы ақпаратта көрсетілген мерзімдерде жүзеге асырылады.

9. Ұйымдастырушы Кестеге сәйкес құжаттамасы бар және құжаттамасы жоқ аукциондық сауда-саттықтарға, сондай-ақ еркін аукциондық сауда-саттықтарға қатысуды жоспарлаған өтініш берушілерден құжаттарды аукциондық сауда күніне 5 (бес) жұмыс күні қалғанда қабылдауды тоқтатады.

Аукциондық сауда-саттықтың күні уәкілетті органның шешімі бойынша өзгерген жағдайда, құжаттарды қабылдауды тоқтату мерзімі осы тармақпен реттеледі.

10. Сауда жүйесінің деректер базасына тіркелу үшін Өтініш беруші Ұйымдастырушының ресми интернет-ресурсына жүгініп, онлайн тіркеуден өтеді.

11. Өтініш беруші сауда жүйесіне тіркелу кезінде өзінің атауын, нақты және заңды мекенжайын, жауапты қызметкерінің тегі, аты, әкесінің атын,

электрондық поштасын көрсетеді және жеке кабинетке кіру үшін құпиясөз (пароль) жасайды.

12. Аукциондық сауда-саттыққа қатысу үшін Өтініш беруші электрондық пошта (сауда жүйесіне кіру идентификаторы) және құпиясөз арқылы жеке кабинетіне кіріп, келесі құжаттарды жүктейді:

- 1) Жарғының көшірмесі;
- 2) Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтамасының көшірмесі;
- 3) Бірінші басшыны тағайындау туралы заңды тұлғаның тиісті органының шешімінің көшірмесі;

4) Өкілге сенімхат (егер мүдделерді бірінші басшы емес, басқа тұлға білдірсе). Өтініш беруші сондай-ақ заңды тұлғаның реквизиттері туралы ақпаратты (банктік реквизиттер, байланыс телефондары, электрондық пошта) және аукциондық сауда-саттыққа қатысу күнін көрсетеді.

Шетелдік заңды тұлғалар тіркелген елі заңнамасына сәйкес осындай құжаттарды апостильмен не әрбір құжатқа мемлекеттік немесе орыс тіліне аудармасын қоса отырып, аударманың дұрыстығы немесе аудармашының қолының түпнұсқалығы нотариалды куәландырылған түрде ұсынады.

13. Құжаттамасы жоқ, қосылу нүктесі және жер учаскесі бар аукциондық сауда-саттықтарға қатысуды жоспарлаған Өтініш беруші қосымша құжаттарды жүктейді.

ЖЭК пайдалану нысандарын салу жобалары бойынша белгіленген қуат көлемі 499 МВт-қа дейін:

1) Электр желісіне қосылуға арналған техникалық шарттардың көшірмесі (Электржелілік ережелерге сәйкес берілген және келісілген) немесе Кестеге сәйкес электр желілеріне қосылу нүктесін көрсету;

2) Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес жер учаскесіне құқық белгілейтін құжаттардың көшірмесі;

3) Электржелілік ережелерге сәйкес әзірленген, жарияланған электр қуаты 5 МВт және одан жоғары болатын электр станциясының «Қуат берудің сызбасы» бойынша Жүйелік оператордың келісім хатының көшірмесі.

ЖЭК пайдалану нысандарын салу жобалары бойынша белгіленген қуат көлемі 499 МВт-тан жоғары:

1) Қазақстан Республикасында белгіленген қуаты жиынтығында кемінде 100 МВт болатын тиісті түрдегі ЖЭК нысандарына инвестиция салу, салу және пайдалануға енгізу тәжірибесінің бар екенін растайтын құжаттар (Ереженің 31-тармағына сәйкес);

2) Құжаттарды қабылдау мерзімі басталған күннен ертерек болмайтын күнге дейінгі соңғы бенефициарларға дейінгі меншік иелерінің құрылымы және оны растайтын құжаттар, мұнда соңғы меншік иелерінің акциялары (жарғылық капиталдағы үлесі) – Қазақстан Республикасының азаматтары және/немесе шетелдік қатысуы жоқ Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының үлесі кемінде 51% (елу бір пайыз) болуы және аукциондық саудаға қатысушының шешімдерін айқындау мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

14. Құжаттамасы бар аукциондық сауда-саттықтарға қатысуды жоспарлаған Өтініш беруші қосымша құжаттарды жүктейді.

ЖЭК пайдалану нысандарын салу жобалары бойынша белгіленген қуат көлемі 499 МВт қоса алғанда:

1) Құжаттамасы бар аукциондық сауда-саттықтарға қатысатын қатысушылар үшін Ұйымдастырушының интернет-ресурсында орналастырылған құжаттамамен танысқаны туралы қатысушының растау хаты.

ЖЭК пайдалану нысандарын салу жобалары бойынша белгіленген қуат көлемі 499 МВт-тан жоғары:

1) Қазақстан Республикасында белгіленген қуаты жиынтығында кемінде 100 МВт болатын тиісті түрдегі ЖЭК нысандарына инвестиция салу, салу және пайдалануға енгізу тәжірибесінің бар екенін растайтын құжаттар (Ереженің 31-тармағына сәйкес);

2) Құжаттарды қабылдау мерзімі басталған күннен ертерек болмайтын күнге дейінгі соңғы бенефициарларға дейінгі меншік иелерінің құрылымы және оны растайтын құжаттар, мұнда соңғы меншік иелерінің акциялары (жарғылық капиталдағы үлесі) – Қазақстан Республикасының азаматтары және/немесе шетелдік қатысуы жоқ Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының үлесі кемінде 51% (елу бір пайыз) болуы және аукциондық сауда-саттыққа қатысушының шешімдерін айқындау мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

15. Құжаттамасы жоқ, қатысушының қосылу нүктесі және жер учаскесі бар еркін аукциондық сауда-саттықтарға қатысуды жоспарлаған Өтініш беруші қосымша құжаттарды жүктейді.

ЖЭК пайдалану нысандарын салу жобалары бойынша белгіленген қуат көлемі 499 МВт-қа дейін:

1) Электр желісіне қосылуға арналған техникалық шарттардың көшірмесі (Электржелілік ережелерге сәйкес берілген және келісілген) немесе Кестеге сәйкес электр желілеріне қосылу нүктесін көрсету;

2) Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес жер учаскесіне құқық белгілейтін құжаттардың көшірмесі немесе Кестеге сәйкес жер учаскесін көрсету;

3) Электржелілік ережелерге сәйкес әзірленген, жарияланған электр қуаты 5 МВт және одан жоғары болатын электр станциясының «Қуат берудің сызбасы» бойынша Жүйелік оператордың келісім хатының көшірмесі немесе Кестеге сәйкес электр желілеріне қосылу нүктесін көрсету;

4) осы Әдістемелік нұсқаулықтың 1-қосымшасына сәйкес Құжаттамасы бар аукциондық саудаларға қатысатын қатысушылар үшін Ұйымдастырушының интернет-ресурсында орналастырылған құжаттамамен танысқаны туралы қатысушының растау хаты.

ЖЭК пайдалану нысандарын салу жобалары бойынша белгіленген қуат көлемі 499 МВт-тан жоғары:

1) Электржелілік қағидаларға сәйкес берілген және келісілген электр желісіне қосылуға арналған техникалық шарттардың көшірмесі не кестеге сәйкес электр желілеріне қосылу нүктесінің көрсетілуі;

2) Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес жер учаскесіне құқық белгілейтін құжаттардың көшірмесі немесе Кестеге сәйкес жер учаскесін көрсету.

16. Бұрын өткізілген, бірақ өтпеген деп жарияланған аукциондық сауда-саттықтарға қатысқан қатысушылардың, қайталама аукциондық сауда-саттықтарға қатысуы үшін Ереженің 29 және 30-тармақтарында (Әдістемелік нұсқаулықтың 12, 13, 14 және 15-тармақтарында) көрсетілген құжаттарды қайта тапсыру талап етілмейді, егер олар қайталама аукциондық саудаларды өткізу сәтінде өзекті болса.

17. Күн сәулесі энергиясын, жел энергиясын пайдаланатын объектілер құрылысы жобалары бойынша құжаттамасыз, еркін аукциондық сауда-саттықтарға қатысу үшін Өтінім берушілерден Қағидалардың 29-тармағының 7)-9) тармақшаларында және 30-тармағының 7), 8) тармақшаларында көзделген (Әдістемелік нұсқаулардың 13 және 15-тармақтарына сәйкес) құжаттарды ұсыну талап етілмейді.

18. Құжаттамасы бар аукциондық сауда-саттықтарға, еркін аукциондық сауда-саттықтарға қатысатын Өтініш беруші, Әдістемелік нұсқаулықтың 14-тармағының 1) тармақшасына және 15-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, осы Әдістемелік нұсқаулықтың 1-қосымшасына сәйкес құжаттамамен танысқанын растайтын хатты жүктейді.

19. Ұйымдастырушы тіркеу кезінде Өтініш беруші ұсынған құжаттардың Ереженің 29 және 30-тармақтарының талаптарына сәйкестігін, Ұйымдастырушының интернет-ресурсына жүгінген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде тексереді.

20. Егер Өтініш беруші Ереженің 29 және 30-тармақтарында көрсетілген құжаттардың толық топтамасын ұсынбаса, Ұйымдастырушы оны тіркеуден бас тартады және бас тарту себебін көрсете отырып, Өтініш берушіні электрондық пошта арқылы 2 (екі) жұмыс күні ішінде хабардар етеді. Тіркеуден бас тарту туралы Ұйымдастырушыдан хабарлама алғаннан кейін Өтініш берушіге 2 (екі) жұмыс күні ішінде жүктелген құжаттарды толықтыру және/немесе өзгерту мүмкіндігі беріледі.

21. Реквизиттері, сауда жүйесіне қол жеткізуге рұқсаты бар қызметкерлер тізімі өзгерген жағдайда, қатысушы аукциондық сауда басталғанға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын өзгерістер туралы Ұйымдастырушыны ресми хатпен хабардар етеді.

22. Сауда сессиясына осы сауда сессиясына қатысу туралы Ұйымдастырушымен шарт жасасқан қатысушылар ғана қол жеткізе алады.

23. Сауда жүйесіне кіру үшін қатысушы электрондық поштаны және жеке кабинетке кіруге арналған құпиясөзді пайдаланады.

24. Сауда жүйесіне кіру және жеке кабинетке қол жеткізу құқығын беретін құпиясөз үшінші тұлғаларға берілмейді.

25. Өтінім беруші Ұйымдастырушы көрсететін қызмет үшін төлемді уақытында жүргізбеген жағдайда аукциондық сауда-саттыққа қатысуға жіберілмейді.

26. ЖЭК пайдалану объектілерінің 499 МВт-тан жоғары орнатылған қуат көлеміне арналған жобалары бойынша аукциондық сауда-саттықтарды ұйымдастыру және өткізу мәселелерін шешу үшін Ұйымдастырушы комиссия құрады.

27. Комиссияны құру, хатшыны айқындау туралы шешім құрамын және өкілеттік мерзімін көрсете отырып, Ұйымдастырушының бірінші басшысы немесе оның міндетін атқарушы тұлға шығаратын бұйрықпен бекітіледі.

28. Комиссия мүшелері – төраға, төраға орынбасары және басқа мүшелер. Комиссия мүшелері Өтініш берушілер ұсынған құжаттарды қарайды және дауыс беруге қатысады.

29. Төраға, орынбасар және комиссия мүшелері Ұйымдастырушы тарапынан айқындалады.

30. Комиссия төрағасы өзіне жүктелген міндеттер шеңберінде комиссия қызметін басқарады.

31. Комиссия шешімі дауыс беру арқылы қабылданады және егер жалпы комиссия мүшелерінің көпшілігі дауыс берсе, қабылданған болып саналады. Комиссия шешімінің нәтижесі бойынша Өтініш беруші сауда жүйесінің деректер базасында тіркелген қатысушылар тізіміне енгізіледі.

32. Комиссияның ұйымдастырушылық қызметін комиссия хатшысы қамтамасыз етеді. Комиссия хатшысы комиссия мүшесі болып табылмайды және шешім қабылдау кезінде дауыс бермейді. Хатшы Ұйымдастырушы қызметкерлерінің ішінен тағайындалады.

33. Комиссия хатшысы Өтініш берушілерді электрондық пошта арқылы аукциондық сауда-саттыққа жіберу немесе жіберуден бас тарту туралы хабардар етеді.

34. Комиссия тиісті аукциондық сауда-саттықтың күнінен кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын Ұйымдастырушыға Өтініш берушілер ұсынған құжаттардың бар-жоғын және олардың осы Қағидалардың 29 және 30 тармақтарында белгіленген талаптарға сәйкестігін тексереді.

Құжаттары 29 және 30 талаптарға сәйкес келетін Өтініш берушілер аукциондық сауда-саттыққа қатысуға рұқсат алады, бұл комиссияның тиісті шешімімен рәсімделеді.

Құжаттары 29 және 30 талаптарға сәйкес келмейтін Өтініш берушілер аукциондық саудаға жіберілмейді, бұл комиссияның тиісті шешімімен рәсімделеді.

4. Аукциондық сауда-саттыққа қатысуға арналған өтінімді қаржылық қамтамасыз ету

35. Аукциондық сауда-саттыққа қатысуға арналған өтінімді қаржылық қамтамасыз ету Өтініш беруші тарапынан Қаржы-есеп айырысу орталығына ұсынылады және аукциондық сауда-саттықта жеңімпаз болып танылған

жағдайда оның Қаржы-есеп айырысу орталығымен сатып алу шартына қол қоятындығы мен сатып алу шартының орындалуын қаржылық қамтамасыз етуді енгізетіндігіне кепілдік болып табылады.

36. Аукциондық сауда-саттыққа қатысуға арналған өтінімді қаржылық қамтамасыз ету туралы ақпарат құпия болып табылады және жария етуге жатпайды.

37. Аукциондық сауда-саттыққа қатысуға арналған өтінімді қаржылық қамтамасыз ету үшінші тұлғалардың талап ету құқықтарынан және қатысушының және (немесе) аукциондық сауда-саттық жеңімпазының басқа да міндеттемелерінен бос болуы тиіс.

38. Аукциондық сауда-саттыққа қатысуға арналған өтінімді қаржылық қамтамасыз ету Қаржы-есеп айырысу орталығының пайдасына рәсімделеді және аукциондық сауда басталардан кемінде 2 (екі) жұмыс күні бұрын ұсынылады.

39. Егер Өтініш беруші бірнеше жобамен аукциондық сауда-саттыққа қатысса, әрбір жобаға бөлек өтінімді қаржылық қамтамасыз ету ұсынады.

40. Өтініш беруші SWIFT жүйесі бойынша шығарылатын келесі қаржылық қамтамасыз ету түрлерінің бірін таңдайды:

- 1) банктік кепілдік;
- 2) резервтік аккредитив.

Банктік кепілдік немесе резервтік аккредитив теңгемен рәсімделеді.

41. Аукциондық сауда-саттыққа қатысуға арналған өтінімді қаржылық қамтамасыз ету мөлшері:

1) құжаттамасы бар аукциондық сауда-саттықтарда – 1 (бір) киловатт белгіленген қуатқа 5000 (бес мың) теңге, Кестеде көрсетілген ЖЭК пайдалану нысанының белгіленген қуатына көбейтіледі;

2) белгіленген қуат көлемі 499 МВт қоса алғанда болатын ЖЭК нысандарын салу жобалары бойынша құжаттамасы жоқ аукциондық сауда-саттықтарда – 1 (бір) киловатт белгіленген қуатқа 2000 (екі мың) теңге, аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімде көрсетілген ЖЭК пайдалану нысанының белгіленген қуатына көбейтіледі;

3) белгіленген қуат көлемі 499 МВт-тан жоғары болатын ЖЭК нысандарын салу жобалары бойынша құжаттамасы жоқ аукциондық сауда-саттықтарда – 1 (бір) киловатт белгіленген қуатқа 5000 (бес мың) теңге, аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімде көрсетілген ЖЭК пайдалану нысанының белгіленген қуатына көбейтіледі;

4) белгіленген қуат көлемі 499 МВт қоса алғанда болатын ЖЭК нысандарын салу жобалары бойынша еркін аукциондық сауда-саттықтарда – 1 (бір) киловатт белгіленген қуатқа 2000 (екі мың) теңге, аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімде көрсетілген ЖЭК пайдалану нысанының белгіленген қуатына көбейтіледі;

5) белгіленген қуат көлемі 499 МВт-тан жоғары болатын ЖЭК нысандарын салу жобалары бойынша еркін аукциондық сауда-саттықта – 1 (бір) киловатт белгіленген қуатқа 5000 (бес мың) теңге, аукциондық сауда қатысуға өтінімде көрсетілген ЖЭК пайдалану нысанының белгіленген қуатына көбейтіледі.

б) қалдықтарды энергияға кәдеге жарату жобаларын іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттықтарда – 1 (бір) киловатт белгіленген қуатқа 5000 (бес мың) теңге, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган ұсынған қалдықтарды энергияға кәдеге жарату нысандарын салу туралы ақпаратта көрсетілген қалдықтарды энергияға кәдеге жарату нысанының белгіленген қуатына көбейтіледі;

42. Қаржы-есеп айырысу орталығы аукциондық сауда-саттық басталардан кемінде 2 (екі) сағат бұрын Өтініш берушілердің қаржылық қамтамасыз ету сомаларын көрсете отырып, олардың тізімін Ұйымдастырушыға жібереді.

43. Ұйымдастырушы бақылаушылардың қатысуымен аукциондық сауда-саттыққа өтінім беруге қаржылық қамтамасыз еткен Өтініш берушілердің тізімін сауда жүйесінің деректер базасына енгізеді.

44. Өтініш берушінің банктік кепілдік немесе резервтік аккредитив түрінде енгізген аукциондық сауда-саттыққа қатысуға арналған өтінімінің қаржылық қамтамасыз етілуі келесі жағдайларда, аукциондық сауда-саттық өткізілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Қаржы-есеп айырысу орталығының тиісті банктерге хат жолдауы арқылы қайтарылады (босатылады):

1) қатысушы аукциондық сауда-саттық қорытындысы бойынша жеңімпаз болмаған жағдайда;

2) аукциондық сауда-саттық жеңімпазы сатып алу шартын жасасып, оның талаптарының орындалуын қаржылық қамтамасыз етуді енгізген жағдайда;

3) аукциондық сауда-саттықтардың жеңімпазы қатты тұрмыстық қалдықтар полигонында барлау жұмыстарын жүргізу үшін сатып алу шартын жасасты және қаржылық қамтамасыз етуді енгізді.

45. Егер аукциондық сауда-саттық жеңімпазы сатып алу шартын жасасудан жалтарса және (немесе) Қағидалардың 52 және 53-тармақтарына сәйкес сатып алу шартының орындалуын қаржылық қамтамасыз етуді бермесе, Қаржы-есеп айырысу орталығы тиісті банктік кепілдік немесе резервтік аккредитив бойынша төлем талаптарын қояды.

46. Қаржылық қамтамасыз ету аукциондық сауда-саттық өткізілген күннен бастап кемінде 150 (жүз елу) күнтізбелік күн мерзімге рәсімделеді және қайтарылмайды.

47. Барлық банктік комиссиялар мен шығындарды, соның ішінде алушы банктің (бенефициардың) шығындарын қарыз алушы тұлға төлейді.

5. Аукциондық сауда-саттық ұйымдастырушысымен шарт жасасу және оның қызметіне ақы төлеу тәртібі

48. Сауда жүйесінің деректер базасында тіркелген аукциондық сауда-саттыққа қатысушылар тізіміне Өтініш беруші енгізілгеннен кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде (Өтініш беруші ЖЭК объектілерін салу жобалары бойынша аукциондық сауда-саттыққа қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарына

сәйкес келетінін растайтын құжаттардың толық пакетін ұсынған жағдайда, Қағидалардың 29 және 30-тармақтарына сәйкес) Ұйымдастырушы Өтініш берушіге электрондық құжат айналымы жүйесі (СЭД Documentolog және/немесе орталықтандырылған сауда нарығы операторы айқындаған басқа жүйелер) арқылы ЭЦҚ қолданып қол қою үшін аукциондық сауда-саттықтарды ұйымдастыру және өткізу қызметін көрсету шартының (бұдан әрі – Шарт) жобасын және аукциондық сауда-саттықтарды ұйымдастыру және өткізу қызметінің (бұдан әрі – Қызмет) төлем шотын жібереді.

49. Өтініш беруші алған Шарт жобасын қарап, ЭЦҚ қолданып қол қойған Шартты (Қазақстан Республикасының «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Заңының 7-бабы 1-тармағы және 10-бабы 1-тармағына сәйкес) СЭД арқылы аукциондық сауда-саттық өтетін күннің алдындағы жұмыс күні сағат 12:00-ге дейін (Астана уақыты бойынша) Ұйымдастырушыға жібереді.

Ерекше жағдайларда, СЭД арқылы Шарт жасасу мүмкін болмаған кезде, Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын ескере отырып, қағаз түрінде Шарт жасауға рұқсат беріледі.

50. Ұйымдастырушының Қызметі ақылы болып табылады және Шарт негізінде төленеді. Қазақстан Республикасының резиденттерімен есеп айырысу теңгемен, ал резидент емес тұлғалармен есеп айырысу АҚШ долларымен немесе еуромен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шотты ұсыну күніне белгіленген бағамы бойынша жүзеге асырылады. Төлем формасы – қолма-қол ақшасыз, Ұйымдастырушының ағымдағы шотына аудару арқылы.

51. Бір шарт шеңберінде Өтініш берушінің бірнеше аукциондық сауда-саттыққа қатысуына мүмкіндік беріледі. Графикте және қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілерін енгізуге арналған елді мекендер топтары бойынша ақпаратта көзделген әрбір аукциондық сауда-саттық күніне, оның ішінде қайталама аукциондық сауда-саттыққа Қызмет ақысы бөлек төленеді.

Бұл ретте, өтпеді деп танылған аукциондық сауда-саттыққа қатысушылар қайталама аукциондық сауда-саттыққа қатысқан кезде Ұйымдастырушының қайталама аукциондық сауда-саттықты өткізу қызметіне ақы төлемейді.

52. Өтініш беруші аукциондық сауда-саттық өтетін күннің алдындағы жұмыс күні сағат 18:00-ге дейін (Астана уақыты бойынша) Ұйымдастырушының қызмет құнын төлейді.

53. Төлемнің расталуы – Өтініш берушінің қаражатының Ұйымдастырушының есеп айырысу шотына түсу фактісі болып табылады.

54. Шартта Ұйымдастырушының қызметіне төленген ақыны қайтару шарттары көрсетіледі. Ұйымдастырушының қызметіне төленген ақы келесі жағдайларда өтінім берушіге қайтарылмайды:

1) Өтініш беруші аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімді қаржылық қамтамасыз етуді ұсынбағаны және шарт талаптарына сәйкес бұл туралы уақытылы Ұйымдастырушыны хабардар етпегені үшін аукциондық сауда-саттыққа жіберілмеген жағдайда;

2) аукциондық сауда-саттыққа жіберілген Өтініш беруші сауда сессиясы барысында сауда жүйесіне өтінім енгізбесе;

3) Өтініш беруші аукциондық сауда-саттық нәтижесі бойынша жеңімпаз болмаған жағдайда.

55. Ұйымдастырушы төмендегі жағдайларда Өтініш берушіге төленген қызмет ақысын қайтарады:

1) Өтініш беруші шартқа сәйкес өзі таңдаған аукциондық сауда-саттыққа қатысу мүмкін еместігі туралы ресми тұлғаның қолы мен мөрімен расталған Өтініш берушінің сканерленген хатын аукциондық сауда-саттық өтетін күннің алдындағы жұмыс күні сағат 18:00-ге дейін (Астана уақыты бойынша) koremadm@korem.kz электрондық поштасына жіберсе;

2) Өтініш беруші аукциондық сауда-саттық өтетін күннің алдындағы жұмыс күні сағат 18:00-ден кейін (Астана уақыты бойынша) Ұйымдастырушының қызметіне төлем жасаған болса;

3) Қағидалардың 67-тармағында (Әдістемелік нұсқаулардың 88-тармағында) көрсетілген себептер бойынша қайталама аукциондық сауда-саттық өтпеді деп жарияланса.

56. Ұйымдастырушы төленген қызмет ақысын Өтініш берушіге төмендегі тәртіпте қайтарады:

1) Ұйымдастырушы Өтініш берушіге өзара есеп айырысу актісін жолдайды;

2) өзара есеп айырысу актісіне қол қойғаннан кейін Өтініш беруші қызмет құнын қайтару туралы хатты банктік реквизиттерін көрсете отырып Ұйымдастырушыға жібереді;

3) Ұйымдастырушы Өтініш берушіден хатты алғаннан кейін 3 (үш) банктік күн ішінде төленген соманы қайтарады;

4) Қағидалардың 67-тармағында көрсетілген себептер бойынша қайталама аукциондық сауда-саттық өтпеді деп танылған жағдайда, Ұйымдастырушы қайталама сауда-саттық өткізілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қызмет құнын Өтініш берушіге қайтарады.

57. Ұйымдастырушы аукциондық сауда-саттық өткізілгеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Өтініш берушіге СЭД арқылы шот-фактураны, орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісін және өзара есеп айырысу актісін жібереді.

58. Аукциондық сауда-саттық өткізу қызметіне ақы төлеу және шарт (қосымша келісім) жасасудан кейін Өтініш берушіге Ұйымдастырушының сауда жүйесінде аукциондық сауда-саттық қатысушысы мәртебесі беріледі.

59. Аукциондық сауда-саттыққа қатысушы мәртебесін алған өтінім беруші төмендегі шарттар орындалған жағдайда аукциондық сауда-саттыққа қатысуға жіберіледі:

1) Ұйымдастырушыға Қағидалардың 29 және 30-тармақтарында көзделген құқық қабілеттілігіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсыну;

2) Қағидалардың 11-тармағында көзделген тәртіппен

Ұйымдастырушының қызметіне ақы төлеуді жүзеге асыру.

6. Аукциондық сауда-саттыққа қатысу тәртібі

60. Аукциондық сауда-саттық Қағидаларда және осы Әдістемелік нұсқауларда белгіленген мерзімдерде өткізіледі. Аукциондық сауда-саттық қашықтан, Ұйымдастырушының сауда жүйесі интернет-ресурсы арқылы, біржақты аукцион түрінде жүргізіледі.

61. Аукциондық сауда-саттық өткізу кезінде сауда сессиясы 30 (отыз) минутқа созылады және сауда сессиясының аяқталуына бес минут қалғанда қатысушылардан қолданыстағы ең төмен баға ұсынысынан төмен баға көрсетілген өтінім келіп түскен жағдайда 5 (бес) минутқа ұзартылып отырады.

62. Интернет желісі арқылы берілетін өтінімдер қатысушы тарапынан тікелей Ұйымдастырушының веб-серверінде қалыптастырылады, сауда жүйесіне қол жеткізу кілті ретінде қатысушының паролі пайдаланылады. Өтінімнің берілу уақыты өтінім Ұйымдастырушының Электрондық сауда жүйесі серверіне түскен сәтте тіркеледі.

Электрондық сауда жүйесінің пайдаланушылары өтінім берген кезде сервердің жауап беру уақытын ескерулері қажет.

Сервердің жауап беру уақыты байланыс сапасы мен Ұйымдастырушының Электрондық сауда жүйесі сервері мен қатысушы операторының жұмыс орны арасындағы маршрутизацияға байланысты бірнеше ондаған миллисекунд шегінде өзгеруі мүмкін.

63. Қатысушылардан өтінім қабылдау сауда сессиясы ашылған сәттен басталады.

64. Аукциондық сауда-саттыққа қатысуға арналған қатысушының өтінімінде келесі негізгі мәліметтер қамтылады:

1) қатысушының атауы;

2) 1 киловатт-сағат электр энергиясына ҚҚС-сыз баға, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында үтірден кейін екі таңбадан артық емес дәлдікпен көрсетіледі;

3) орнатылған қуат көлемі – кемінде 100 киловатт және 1 (бір) киловаттқа еселік;

4) өтінімнің қаржылық қамтамасыз ету түрі және сомасы;

5) ЖЭК объектісін салуға жоспарланған жер учаскесі және электр желісіне қосылу нүктесі;

6) рұқсат етілген ең төмен орнатылған қуат көлемі.

Осы тармақтың 1, 4) және 5) тармақшалары сауда сессиясы барысында түзетуге жатпайды.

65. Құжаттамасыз аукциондық сауда-саттыққа, еркін аукциондық сауда-саттыққа қатысуға арналған қатысушының өтінімінде тіркеу кезінде Ұйымдастырушыға ұсынылған электр желісіне қосылу техникалық шарттарына

сәйкес жер учаскесі және қосылу нүктесі туралы деректер немесе Графиктен алынған сәйкес деректер көрсетіледі.

66. Құжаттамасы бар аукциондық сауда-саттыққа қатысуға арналған қатысушының өтінімінде, сондай-ақ қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жобаларын іріктеуге арналған аукциондық сауда-саттыққа қатысу өтінімінде осы Әдістемелік нұсқаулардың 68-тармағының 1) – 4) тармақшаларында көзделген мәліметтер қамтылады.

67. Құжаттамасыз аукциондық сауда-саттыққа, еркін аукциондық сауда-саттыққа қатысу өтінімдерінде қатысушылар келесі көлемнен аспайтын көлемді көрсетеді:

- 1) уәкілетті орган аукционға шығарған орнатылған қуат көлемі;
- 2) электр желілеріне қосылу нүктелері бойынша рұқсат етілген ең жоғары қуат көлемі;
- 3) аукциондық сауда-саттыққа қатысу өтінімінің қаржылық қамтамасыз ету мөлшері.

Құжаттамасы бар аукциондық сауда-саттық өткізу кезінде қатысушы аукциондық сауда-саттыққа шығарылған жобаның толық орнатылған қуат көлеміне тең, аукциондық сауда-саттыққа қатысу өтінімінің қаржылық қамтамасыз ету шегінде өтінім береді.

68. Құжаттамасыз аукциондық сауда-саттыққа, еркін аукциондық сауда-саттыққа өтінім берген кезде қатысушылар әрбір қосылу нүктесіне және әрбір жер учаскесіне (әрбір қосылу нүктесіне және/немесе жер учаскесіне жеке техникалық шарттарды қоса отырып) бөлек өтінім береді және бұл өтінімдер аукциондық сауда-саттыққа қатысу өтінімінің қаржылық қамтамасыз ету көлемі шегінде болуы тиіс.

69. Қатысушы берген өтінімге үздіксіз сандық реттік нөмір беріледі.

70. Қатысушылар сауда сессиясы барысында сауда жүйесіне аукциондық саудаға қатысу өтінімдерін береді, бұл ретте өтінімдерде көрсетілген бағалар тиісті шекті аукциондық бағадан аспауға тиіс.

71. Сауда сессиясы барысында қатысушылар берген өтінімдерде басқа қатысушылардың сауда жүйесіне енгізген өтінім бағасымен бірдей баға болған жағдайда, мұндай өтінімдер қабылданбайды.

72. Қатысушының сауда жүйесіне берген аукциондық сауда-саттыққа қатысу өтінімі жойылуға жатпайды.

73. Қатысушылар сауда сессиясы аяқталғанға дейін өз қалауы бойынша бұрын берген өтінімін жаңа өтінім беру арқылы өзгерте алады.

Бұл ретте қатысушылар жаңа өтінімде алдыңғы өтінімдегіден төмен бағаны көрсетеді, ал бұрынғы өтінімнің көлемі өзгертуге жатпайды.

74. Сауда сессиясының негізгі 30 (отыз) минуттық уақытында бағаның өзгеру қадамы өз өтінімінен 1 (бір) киловатт-сағатқа кемінде 5 (бес) тиын және ең төменгі бағадан 1 (бір) киловатт-сағатқа ең көбі 2 (екі) теңге мөлшерінде болады. Сауда сессиясын 5 (бес) минутқа ұзарту кезеңінде бағаның өзгеру қадамы өз өтінімінен 1 (бір) киловатт-сағатқа кемінде 50 (елу) тиын және ең төменгі бағадан 1 (бір) киловатт-сағатқа ең көбі 2 (екі) теңге мөлшерінде болады.

75. Аукциондық сауда-саттыққа қатысу өтінімдерінің сауда жүйесіне енгізілген күні мен уақыты миллисекунд дәлдігімен Ұйымдастырушы тарапынан тіркеледі.

76. Осы Әдістемелік нұсқауларға сәйкес ресімделген сауда жүйесіндегі қатысушының өтінімі оның көрсетілген бағамен Қаржы-есеп айырысу орталығымен сатып алу шартына қол қоюға келісімін білдіретін қажетті әрі жеткілікті дәлел болып табылады.

77. Сауда жүйесіне өтінім беру мәселелерін болдырмау үшін қатысушы интернет-браузерде сауда жүйесін ашып, тек бір құрылғыдан және бір қойындыдан өз аккаунтына кіріп, саудаға қатысуы қажет, сауда жүйесіне өтінімді автоматты түрде беру үшін бөгде бағдарламалық қамтамасыз етуді қолданбауы, сондай-ақ жаңартылған вирус базасы бар антивирустық бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалануы тиіс.

78. Берілген өтінімдегі деректердің дұрыстығына қатысушы жауапты болады.

79. Құжаттамасыз аукциондық сауда сессиясы барысында қатысушыларға келесі ақпарат ашық болады:

1) уәкілетті орган бекіткен Графикте көрсетілген аукциондық сауда-саттықты сипаттайтын жалпы ақпарат;

2) қатысушының аукциондық сауда-саттыққа қатысу өтінімі және оның барлық параметрлері (бағасы, өтінім берілген уақыты);

3) аукциондық сауда-саттыққа қатысуға берілген өтінімдердегі ең төмен баға (көлемі көрсетілмей).

80. Құжаттамасы бар аукциондық сауда сессиясы барысында қатысушыларға келесі ақпарат ашық болады:

1) уәкілетті орган бекіткен Графикте көрсетілген аукциондық сауда-саттықты сипаттайтын жалпы ақпарат;

2) қатысушының аукциондық сауда-саттыққа қатысу өтінімі және оның барлық параметрлері (бағасы, өтінім берілген уақыты);

3) сауда-саттыққа қатысушылар берген өтінімдердегі бағалар.

81. Қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жобаларын іріктеуге арналған аукциондық сауда сессиясы барысында қатысушыларға келесі ақпарат ашық болады:

1) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен Графикте көрсетілген аукциондық сауда-саттықты сипаттайтын жалпы ақпарат;

2) қатысушының аукциондық сауда-саттыққа қатысу өтінімі және оның барлық параметрлері (бағасы, өтінім берілген уақыты);

3) сауда-саттыққа қатысушылар берген өтінімдердегі бағалар.

7. Аукциондық сауда-саттық бағаларын есептеу және қорытындылау тәртібі

82. Аукциондық сауда-саттықа қатысуға берілген өтінімдер негізінде Ұйымдастырушы олардағы бағалар өсу ретімен орналастырылған ранжирленген тізім жасайды.

83. Ұйымдастырушы төмендегі шарттар орындалған жағдайда бағаларды есептейді:

1) сатуға берілген аукциондық сауда-саттыққа қатысу өтінімдерінің жалпы орнатылған қуат көлемі сұраныстың орнатылған қуат көлемінің кемінде 130%-ын құрауы;

2) сауда жүйесінде тіркелген және тиісті аукциондық сауда-саттыққа жіберілген қатысушылар саны кемінде екеу болуы.

Осы тармақтың 1) тармақшасының ережесі су ағынының гидродинамикалық энергиясын, тұтыну қалдықтарын, биомассаны, биогазды және тұтыну қалдықтарынан алынатын өзге де отынды пайдалану нысандарын салу жобаларын іріктеуге арналған аукциондық сауда-саттыққа қолданылмайды.

84. 87-тармақта көрсетілген шарттар орындалмаған жағдайда, Ұйымдастырушы бағаларды есептемейді, сауда-саттықты сауда сессиясы жабылғанға дейін тоқтатады және сауда-саттықты өтпеді деп жариялайды, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілерін салу жобаларын іріктеуге арналған аукциондық сауда-саттықтардан басқа.

85. Құжаттамасы бар аукциондық сауда-саттықта, сондай-ақ қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілерін салу жобаларын іріктеуге арналған аукциондық сауда-саттықта жеңімпаз сауда сессиясында өтінімдерді қабылдау аяқталғаннан кейін ең төмен баға көрсетілген өтінімді таңдау арқылы айқындалады.

86. Құжаттамасыз аукциондық сауда-саттықта, еркін аукциондық сауда-саттықта алдын ала жеңімпаздар тізімін қалыптастыру өтінімдерді қабылдау аяқталғаннан кейін, сұранысты толық қанағаттандырғанға дейін бағалардың өсу ретімен ранжирленген тізімнен бірізді іріктеу арқылы жүзеге асырылады.

87. Егер құжаттамасыз аукциондық сауда-саттықтағы, еркін аукциондық сауда-саттықтағы алдын ала жеңімпаздар тізімінде бірдей қосылу нүктесі көрсетілген бірнеше өтінімдер болып, олардың жиынтық көлемі осы қосылу нүктесі бойынша рұқсат етілген ең жоғары қуат көлемінен және/немесе рұқсат етілген қосылу санының шегінен асып кетсе, онда алдын ала жеңімпаздар тізімінен бағасы жоғары өтінімдер біртіндеп алынып тасталады. Бұл процесс осы қосылу нүктесі бойынша рұқсат етілген ең жоғары қуат көлемі мен қосылу санын қамтамасыз еткенге дейін жалғасады.

88. Құжаттамасы жоқ аукциондық сауда-саттықтарда, еркін аукциондық сауда-саттықтарда алдын ала жеңімпаздар тізімінде бірдей атаулы қосылу нүктелері бар өтінімдер болып, олардың жиынтық көлемі осы бірдей атаулы қосылу нүктелерінің көлеміне тең немесе одан аз болған жағдайда, мұндай өтінімдер құжаттамасы жоқ аукциондық саудалардың жеңімпаздарының осы тізімінде қалады.

Егер құжаттамасы жоқ аукциондық сауда-саттықтарда, еркін аукциондық сауда-саттықтарда алдын ала жеңімпаздар тізімінде бірдей атаулы қосылу

нүктелері бар өтінімдер болып, олардың жиынтық көлемі осы қосылу нүктелері бойынша көлемнен артық болса, онда мұндай өтінімдер осы қосылу нүктелерінің рұқсат етілген қалған көлемінде қанағаттандырылады.

Одан кейін құжаттамасы жоқ аукциондық сауда-саттықтарға, еркін аукциондық сауда-саттықтарға қатысуға берілген өтінімді осы Әдістемелік нұсқаулықтың осы бөлімінде сипатталған шарттар қанағаттандырылғанға дейін тексеру процесі жүргізіледі.

Содан кейін бірдей атаулы қосылу нүктелері бойынша алып тасталған өтінімдерді қоспағандағы сұратылған бағалар өсу ретімен орналастырылған тізімнен өтінімдерді қайта іріктеу процесі жүргізіледі және құжаттамасы жоқ аукциондық сауда-саттықтардың, еркін аукциондық сауда-саттықтардың алдын ала жеңімпаздар тізімі айқындалады. Өтінімдерді алып тастау процесі осы қосылу нүктелері бойынша рұқсат етілген қуат көлемі қанағаттандырылғанға дейін жүзеге асырылады.

89. Егер құжаттамасыз аукциондық сауда-саттықтың, еркін аукциондық сауда-саттықтың алдын ала жеңімпаздар тізімінде бірдей қосылу нүктелері бойынша өтінімдер саны осы қосылу нүктелері бойынша рұқсат етілген қосылу санына тең немесе одан аз болса, онда мұндай аукциондық сауда-саттыққа қатысу өтінімдері осы жеңімпаздар тізімінде қалады.

Егер бірдей қосылу нүктелері бойынша өтінімдер саны рұқсат етілген қосылу санынан асып кетсе, онда мұндай өтінімдер ең жоғары баға көрсетілген өтінімнен бастап алынып тасталады, рұқсат етілген қосылу санының шарты орындалғанға дейін.

Одан кейін бірдей қосылу нүктелері бойынша алынып тасталған өтінімдерді қоспағанда, ранжирленген тізімнен бағалардың өсу ретімен өтінімдерді қайта іріктеу жүргізіліп, құжаттамасыз аукциондық сауда-саттықтың алдын ала жеңімпаздар тізімі айқындалады. Бұл өтінімдерді алып тастау процесі осы қосылу нүктелері бойынша рұқсат етілген қосылу саны сақталғанша жүргізіледі.

90. Егер құжаттамасыз аукциондық сауда-саттықтағы, еркін аукциондық сауда-саттықтағы алдын ала жеңімпаздар тізіміндегі соңғы сұралған өтінім сұраныс көлемімен толық қанағаттандырылмаса, онда төмендегі шарттар қолданылады:

1) егер соңғы сұралған өтінімнің қанағаттандырылған көлемі оның көрсетілген көлемінің 50%-ынан кем емес болса, онда бұл өтінім толық көлемде немесе қосылу нүктесінің рұқсат етілген максималды көлемінен аспайтын мөлшерде қанағаттандырылады.

Бұл ретте, уәкілетті орган белгілеген орнатылған қуатты іріктеу көлемі соңғы өтінімнің қанағаттандырылмаған қалдығы (немесе оның бір бөлігі) шамасына ұлғайтылады;

2) егер соңғы сұралған өтінімнің қанағаттандырылған көлемі оның көрсетілген көлемінің 50%-ынан аз болса, онда бұл өтінім рұқсат етілген ең төмен орнатылған қуат көлеміне сәйкестігіне тексеріледі.

91. Одан кейін осы Әдістемелік нұсқаулықтың осы бөлімінде сипатталған

шарттар қанағаттандырылғанға дейін, құжаттамасы жоқ аукциондық сауда-саттықтарға, еркін аукциондық сауда-саттықтарға қатысуға алдын ала жеңімпаздар тізіміндегі соңғы сұранысқа ие өтінімді қайта тексеру процесі жүргізіледі. Аталған шарттар орындалмаған жағдайда, құжаттамасы жоқ аукциондық саудаларға, еркін аукциондық саудаларға қатысуға берілген соңғы сұранысқа ие өтінім алдын ала жеңімпаздар тізімінен алынып тасталады.

Одан әрі, құжаттамасы жоқ аукциондық сауда-саттықтарға, еркін аукциондық сауда-саттықтарға қатысуға арналған соңғы сұранысқа ие өтінімнің іріктелген көлемі сұраныстың қалдық көлемімен салыстыру процесі жүргізіледі, бұл ретте:

1) егер құжаттамасы жоқ аукциондық сауда-саттықтарға, еркін аукциондық сауда-саттықтарға қатысуға арналған соңғы сұранысқа ие өтінімнің іріктелген көлемі белгіленген қуатты іріктеу бойынша жарияланған көлемнен артық болса, онда белгіленген қуатты іріктеу бойынша жарияланған көлем құжаттамасы жоқ аукциондық саудаларға, еркін аукциондық саудаларға қатысуға арналған соңғы сұранысқа ие өтінімнің қанағаттандырылған көлемінің шамасына ұлғайтылады;

2) егер құжаттамасы жоқ аукциондық сауда-саттықтарға, еркін аукциондық сауда-саттықтарға қатысуға арналған соңғы сұранысқа ие өтінімнің іріктелген көлемі белгіленген қуатты іріктеу бойынша жарияланған көлемнен аз болса, онда белгіленген қуатты іріктеу бойынша жарияланған көлем құжаттамасы жоқ аукциондық саудаларға, еркін аукциондық саудаларға қатысуға арналған соңғы сұранысқа ие өтінімнің қанағаттандырылған көлемінің шамасына азайтылады.

Осы Әдістемелік нұсқаулықтың осы бөлімінде сипатталған шарттар орындалмаған жағдайда, құжаттамасы жоқ аукциондық сауда-саттықтарға, еркін аукциондық сауда-саттықтарға қатысуға арналған өтінімдер алдын ала жеңімпаздар тізімінен алынып тасталады. Одан кейін алып тасталған өтінімді қоспағанда, сұратылған бағалар өсу ретімен орналасқан тізімнен өтінімдерді қайта іріктеу процесі жүргізіледі және құжаттамасы жоқ аукциондық сауда-саттықтарда, еркін аукциондық сауда-саттықтарда алдын ала жеңімпаздар тізімі айқындалады.

Егер алып тасталған өтінімнен кейінгі өтінімдер ранжирленген тізімде болмаса, онда белгіленген қуатты іріктеу бойынша жарияланған көлем құжаттамасы жоқ аукциондық сауда-саттықтарға, еркін аукциондық сауда-саттықтарға қатысуға арналған соңғы сұранысқа ие өтінімнің қанағаттандырылған көлеміне тең немесе одан аз болады.

Сұраныс пен ұсыныс кестелерінің әртүрлі үйлесімі жағдайларында мәміле көлемін айқындау мысалдары осы Әдістемелік нұсқаулықтың 3-қосымшасында келтірілген.

92. Біржақты аукцион қорытындысы бойынша жеңімпаздар тізіліміне енгізіледі:

- 1) аукциондық сауда-саттыққа берілген өтінімдердегі аукциондық бағалар;
- 2) аукциондық сауда-саттықта іске асырылған орнатылған қуат көлемдері;

3) жеңімпаздар тізімі.

93. Құжаттамасы бар аукциондық сауда-саттықтың жеңімпазы құжаттаманы әзірлеуге кеткен шығындарды, соның ішінде салықтарды, Қаржы-есеп айырысу орталығына жеңімпаздар тізілімі жарияланған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде өтейді (төлем жасайды).

94. Аукциондық сауда-саттық қорытындысы бойынша Ұйымдастырушы сауда сессиясы жабылғаннан кейін 1 (бір) сағат ішінде қатысушыларға электрондық түрде хабарлама жібереді. Қағаз түріндегі хабарламалар қатысушыларға Астана уақыты бойынша келесі жұмыс күні сағат 18:00-ден кешіктірілмей жолданады.

Жеңімпаздар тізіліміне енбеген қатысушыларға қатысты ақпарат құпия болып табылады және үшінші тұлғаларға Ұйымдастырушы, Қаржы-есеп айырысу орталығы, бақылаушылар тарапынан жария етілмейді.

95. Сауда сессиясы жабылғаннан кейін 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірілмей Ұйымдастырушы уәкілетті органға құжатсыз және құжаттамасы бар аукциондық сауда-саттықтың, сондай-ақ еркін аукциондық сауда-саттықтың қорытындыларын, сауданың өту тәртібінің толық түсіндірмесін және сауда жүйесіне берілген барлық өтінімдер бойынша толық ақпаратты, сондай-ақ жеңімпаздар тізімін жібереді.

96. Жеңімпаздар тізімі аукциондық бағалар мен ЖЭК пайдалану объектілерінің орнатылған қуат көлемін көрсете отырып, сауда сессиясы жабылғаннан кейін 1 (бір) сағат ішінде Ұйымдастырушының веб-сайтында жарияланады.

8. Қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жобаларын іріктеуге арналған аукциондық сауда-саттықты өткізу тәртібі

97. Қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жобаларын іріктеуге арналған аукциондық сауда сессиясының өткізілу күні Ұйымдастырушы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органнан Қағидаларда белгіленген ақпаратты алған күннен бастап кемінде 2 (екі) ай бұрын айқындалады.

98. Қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілерін салу туралы ақпаратты алғаннан кейін Ұйымдастырушы 3 (үш) жұмыс күні ішінде оны өзінің интернет-ресурсында, сондай-ақ құжаттарды қабылдау және аукциондық сауда-саттыққа Өтініш берушілерді тіркеу шарттары мен мерзімдері туралы ақпаратпен бірге орналастырады.

99. Құжаттарды қабылдау және Өтініш берушілерді тіркеу аяқталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Ұйымдастырушы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға сауда жүйесінің деректер базасында тіркелген аукциондық сауда-саттыққа қатысушылардың тізімін жолдайды және оны өзінің интернет-ресурсында орналастырады.

100. Қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жобаларын іріктеуге

арналған аукциондық сауда-саттыққа қатысушылар қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардың тізіліміне енгізілу үшін құжаттарды Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2021 жылғы 10 тамыздағы № 321 бұйрығына қосымша болып табылатын қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардың тізілімін қалыптастыру қағидаларына сәйкес жолдайды.

101. Қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардың тізілімін қалыптастыру мәселелері жөніндегі комиссия қатысушылар ұсынған құжаттарды 1 (бір) айдан аспайтын мерзімде қарайды, шешім қабылдайды және аукциондық сауда сессиясы өткізілетін күннен кемінде 15 (он бес) күнтізбелік күн бұрын қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардың тізімін Ұйымдастырушыға жолдайды.

102. Қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жобаларын іріктеуге арналған аукциондық сауда-саттыққа қатысушылардың тізіміне енгізу үшін құжаттарды қабылдау және Өтініш берушілерді тіркеуді Ұйымдастырушы өзінің интернет-ресурсында қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілерін салу туралы ақпарат орналастырылған күннен бастап 1 (бір) ай ішінде жүргізеді.

103. Қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жобаларын іріктеуге арналған аукциондық сауда-саттық Өтініш берушісі сауда жүйесінің деректер базасында тіркелген аукциондық сауда-саттыққа қатысушылардың тізімі қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға жіберілетін күннің алдындағы жұмыс күні сағат 18:00-ге дейін (Астана уақыты бойынша) Ұйымдастырушының қызмет құнын төлейді.

104. Сауда сессиясына қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардың тізіміне енгізілген аукциондық сауда-саттық қатысушылары қатысады.

105. Қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жобаларын іріктеуге арналған аукциондық сауда сессиясы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілеген мерзімде өткізіледі және 30 (отыз) минутқа созылады.

106. Қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жобаларын іріктеуге арналған аукциондық сауда-саттыққа Қағидалар мен Әдістемелік нұсқауларда белгіленген жағдайларды қоспағанда, осы Әдістемелік нұсқауларда көзделген аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу тәртібі қолданылады.

107. Сауда сессиясы жабылғаннан кейін 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей Ұйымдастырушы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жобаларын іріктеуге арналған аукциондық сауда-саттықтың толық ақпаратын, барлық өтінімдер туралы мәліметтерді және жеңімпаздар тізімін көрсете отырып, сауданың

кезең-кезеңімен өтуі туралы толық сипаттамасымен бірге қорытындыларын жолдайды.

9. Аукциондық сауда-саттықты тоқтату, кейінге қалдыру немесе болдырмау

108. Аукциондық сауда-саттықты өткізу келесі жағдайларда сауда сессиясы барысында 30 минутқа дейінгі мерзімге тоқтатылуы мүмкін:

- 1) сауда жүйесінің толық немесе жартылай істен шығуына әкелген техникалық ақаулар және (немесе) сауда жүйесіндегі ақаулықтар;
- 2) Интернет желісі байланыс арналарының техникалық ақаулары;
- 3) сауда залы мен (немесе) сауда жүйесінің серверлік жабдықтарының электрмен жабдықталуындағы үзіліс (30 минутқа дейінгі мерзімге).

109. Аукциондық сауда-саттықты тоқтатқан жағдайда Ұйымдастырушы сауда жүйесінде көрсетілген Қатысушының электрондық поштасы арқылы сауда тоқтатылуының себебі және аукциондық сауда-саттық өткізу процесінің қашан қалпына келтірілетіні туралы жедел хабарлайды.

110. Аукциондық сауда-саттық өткізу келесі жағдайларда Ұйымдастырушының актісімен болдырылуы мүмкін:

- 1) 112-тармақта көрсетілген техникалық ақауларды жоюға 30 минуттан артық уақыт қажет болғанда;
- 2) сауда залы мен (немесе) сауда жүйесінің серверлік жабдықтарының электрмен жабдықталуындағы 30 минуттан асатын үзіліс кезінде;
- 3) аукциондық сауда-саттықты өткізуге кедергі келтіретін, Ұйымдастырушының әрекетіне және (немесе) әрекетсіздігіне байланысты емес жағдайлар туындағанда.

111. Аукциондық сауданың 110-тармағында көрсетілген себептер бойынша аукциондық сауда тоқтатылған жағдайда, қайталама аукциондық сауда аукциондық сауда өткізілген күннен кейінгі жұмыс күнінде өткізіледі.

112. Егер аукциондық сауда-саттық Қағидалардың 67-тармағында (Әдістемелік нұсқаулардың 88-тармағында) көрсетілген себептер бойынша өтпеді деп жарияланса, Ұйымдастырушы оларды 3 (үш) айдан кешіктірмей, бір реттен артық емес мерзімде қайта өткізеді. Қайталама аукциондық сауда-саттық өткізу күні уәкілетті орган тарапынан белгіленеді және уәкілетті орган мен Ұйымдастырушының интернет-ресурстарында аукциондық сауда-саттық өткізілетін күнге дейін кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын жарияланады.

113. Қайталама аукциондық сауда-саттық өткізу аукциондық сауда-саттықты өткізу тәртібімен бірдей жүргізіледі, Қағидаларда және Әдістемелік нұсқауларда белгіленген жағдайларды қоспағанда. Қайталама аукциондық сауда-саттыққа құжаттарды қабылдау және Өтініш берушілерді тіркеу осы Әдістемелік нұсқауларға сәйкес Ұйымдастырушы тарапынан жүзеге

асырылады және аукциондық сауда-саттық басталғанға дейін 5 (бес) жұмыс күні бұрын аяқталады.

10. Аукциондық сауда-саттықты өткізу кезінде сауда залында байқаушылардың болуы

114. Аукциондық сауда-саттық өткізу кезінде сауда залында бақылаушылардың болуы аукциондық сауда-саттықтың ашықтығын қамтамасыз етеді.

115. Бақылаушылардың құрамын уәкілетті орган қалыптастырады және аукциондық сауда-саттық басталуына 1 (бір) күн қалғанда олардың тізімін Ұйымдастырушыға жолдайды. Бақылаушылар тізімінде бақылаушының тегі, аты, әкесінің аты, жұмыс орны және лауазымы көрсетіледі.

116. Аукциондық сауда-саттық өткізу кезінде Ұйымдастырушының сауда залында 8 (сегіз) адамға дейін бақылаушылардың міндетті түрде қатысуы қамтамасыз етіледі.

117. Аукциондық сауда-саттық басталғанға дейін бақылаушылар байланыс және фото-видео түсіру функциялары бар құрылғыларын Ұйымдастырушы арнайы белгілеген сақтау жәшіктеріне уақытша сақтауға тапсырады.

118. Бақылаушылар аукциондық сауда-саттық кезінде белгілі болған құпия ақпаратты жария етпеу туралы міндеттемені растайтын құпиялылық туралы өтінішке қол қояды.

119. Аукциондық сауда-саттық кезінде бақылаушыларға фото және бейнетүсірілім жасауға, телефонмен сөйлесуге, интернетті пайдалануға, қағаз немесе басқа да тасымалдаушыларға жазба жүргізуге тыйым салынады.

120. Аукциондық сауда-саттық өткізу кезінде сауда залында бақылаушылардың қатысу тәртібі Ұйымдастырушының тиісті шешімімен айқындалады.

11. Сауда жүйесінде жұмыс істеу бойынша нұсқаулық өткізу

121. Өтініш беруші аукциондық сауда-саттықты Ұйымдастырушыдан сауда жүйесінің бағдарламалық жасақтамасымен жұмыс істеу бойынша нұсқаулықтан өту немесе өз бетінше оқып-үйрену арқылы білім ала алады.

122. Ұйымдастырушыдан оқу алу үшін талапкер Ұйымдастырушымен келісімшарт жасасып, аукциондық саудаларды ұйымдастыру және өткізу қызметі үшін төлем жасауы тиіс.

123. Ұйымдастырушы аукциондық саудалардың басталуынан 5 жұмыс күні бұрын оқытуды тоқтатады.

124. Өтініш беруші Ұйымдастырушының интернет-ресурсында орналастырылған оқыту материалдарын оқып-үйрену арқылы өз бетінше оқуға мүмкіндік алады.

Әдістемелік нұсқауларға 1-қосымша

Ұйымның ресми бланкісінде

«KOREM» АҚ Басқарма Төрағасы

мырзаға

Осы құжат арқылы (ұйымның атауы, БСН) (бұдан әрі – Компания) _____ жылғы жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерін салу жобаларын іріктеуге арналған құжаттамасы бар аукциондық сауда-саттыққа қатысуға ниетті екенін растайды.

Аталған аукциондық сауда-саттыққа (қайталама аукциондық сауда-саттыққа) қатысуға дайындық мақсатында Компания Қағидаларға сәйкес әзірленген құжаттаманың сапасы мен толықтығын қарап шыққанын және онымен келісетінін растайды. Қағидалар – Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 21 желтоқсандағы № 466 бұйрығымен бекітілген, аукционға қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарын, өтінімді беру тәртібі мен мазмұнын, өтінімді қаржылық қамтамасыз ету түрлері мен оны енгізу және қайтару шарттарын, қорытынды жасау және жеңімпаздарды айқындау тәртібін қамтитын аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар).

Осы құжат арқылы Компания Қағидалардың 78-тармағына сәйкес Компания аукциондық сауда-саттықтың (қайталама аукциондық сауда-саттықтың) жеңімпазы деп танылған жағдайда, аукциондық сауда-саттықты ұйымдастырушы жариялаған жеңімпаздар тізілімінің жарияланған күнінен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде сомасы _____ теңгені құрайтын құжаттаманы әзірлеуге кеткен шығынды толық көлемде өтеуге дайын екенін растайды,

Басшы _____

(қолы)
(Т.А.Ә.)

Әдістемелік нұсқауларға 2-қосымша

«ЖЭК бойынша ҚЕАО» ЖШС-нің ресми бланкісінде

20__ жылғы «_» _____ аукциондық (қайталама аукциондық сауда-саттық) сауда-саттықтарға қатысуға өтінімнің қаржылық қамтамасыз етуіне ие Өтініш берушілердің тізімі

№ р/ с	Сауда-саттықтың күні	Ұйымның толық атауы	ЖЭК түрі/энергетикалық қалдықтарды кәдеге жарату	Жобалардың көлемі (шағын/ірі)	Қаржылық қамтамасыз ету түрі (банктік кепілдік / резервтік аккредитив)	Қаржылық қамтамасыз ету нөмірі	Қаржылық қамтамасыз ету сомасы, мың теңге
1							
2							
3							
4							
5							


Бас директор

(Т.А.Ә.)


Әдістемелік нұсқауларға 3-қосымша

Сұраныс пен ұсыныс кестелерінің әртүрлі үйлесім нұсқаларында мәмілелер көлемін айқындау мысалдары

1-мысал. Сұраныс пен ұсыныс кестелері қиылыспайды. Аукциондық сауда-саттыққа сату бойынша өтінім берген қатысушылардың саны екіден аз (1,2-сурет). Бұл жағдайда мәміле жасау мүмкін болмайды және аукциондық сауда-саттық өткізілмеді деп жарияланады.




1-сурет



2-сурет

2-мысал. Сұраныс пен ұсыныс кестелері қиылыспайды. Аукциондық сауда-саттыққа қатысу үшін сату бойынша берілген өтінімдердің белгіленген қуаттарының жиынтық көлемі


сұраныстың белгіленген қуат көлемінің 130%-ынан кем (3-сурет). Бұл жағдайда мәміле жасау мүмкін болмайды және аукциондық сауда-саттық өткізілмеді деп жарияланады. 2-мысал электр энергиясын өндіру үшін органикалық қалдықтардан алынатын биомасса, биогаз, судың гидродинамикалық энергиясы және өзге де отынды пайдаланатын жобаларды іріктеуге арналған аукциондық сауда-саттықтарға қолданылмайды.



3-сурет

3-мысал. Сұраныс пен ұсыныс кестелері қиылысады. Аукциондық сауда-саттыққа қатысу үшін сату бойынша берілген өтінімдердің белгіленген қуаттарының жиынтық көлемі сұраныстың орнатылған қуат көлемінің 130%-ынан кем (4-сурет). Бұл жағдайда мәміле жасау мүмкін болмайды және аукциондық сауда-саттық өткізілмеді деп жарияланады.


3-мысал электр энергиясын өндіру үшін органикалық қалдықтардан алынатын биомасса, биогаз судың гидродинамикалық энергиясы және өзге де отынды пайдаланатын жобаларды іріктеуге арналған аукциондық сауда-саттықтарға қолданылмайды.



4-сурет

4-мысал. Сұраныс пен ұсыныс кестелері қиылысады. Құжаттамасыз аукциондық сауда-саттыққа қатысуға сату бойынша өтінім берген қатысушылардың саны екіден кем емес. Аукциондық сауда-саттыққа қатысу үшін берілген сату өтінімдерінің орнатылған қуаттарының жиынтық көлемі сұраныстың орнатылған қуат көлемінің 130%-ынан асады. Құжаттамасыз аукциондық сауда-саттыққа қатысуға берілген соңғы талап етілген өтінімнің қанағаттандырылған көлемі оның мәлімделген көлемінің 50%-ынан кем (5-сурет).


Бұл жағдайда орнатылған қуатты іріктеу көлемі құжаттамасыз аукциондық сауда-саттыққа қатысуға берілген соңғы талап етілген өтінімнің қанағаттандырылған көлеміне тең мөлшерге қысқартылады. Аукциондық бағалар құжаттамасыз аукциондық сауда-саттыққа сату үшін берілген өтінімдерде көрсетілген бағалар бойынша айқындалады.



5-сурет

5-мысал. Сұраныс пен ұсыныс кестелері қиылысады. Құжаттамасыз аукциондық сауда-саттыққа қатысуға сату бойынша өтінім берген қатысушылардың саны екіден кем емес. Құжаттамасыз аукциондық сауда-саттыққа қатысу үшін берілген сату өтінімдерінің орнатылған қуаттарының жиынтық көлемі сұраныстың белгіленген қуат көлемінің 130%-ынан асады. Құжаттамасыз аукциондық сауда-саттыққа қатысуға берілген соңғы талап етілген өтінімнің қанағаттандырылған көлемі оның мәлімделген көлемінің 50%-ы немесе одан көп (6-сурет).

Бұл жағдайда белгіленген қуатты іріктеу көлемі құжаттамасыз аукциондық сауда-саттыққа қатысуға берілген соңғы талап етілген өтінімнің қанағаттандырылмаған қалдық көлеміне тең мөлшерге ұлғайтылады. Аукциондық бағалар құжаттамасыз аукциондық сауда-саттыққа сату үшін берілген өтінімдерде көрсетілген бағалар бойынша айқындалады.




6-сурет


6-мысал. Сұраныс пен ұсыныс кестелері қиылысады. Құжаттамасыз аукциондық сауда-саттыққа қатысуға сату бойынша өтінім берген қатысушылардың саны екіден кем емес. Құжаттамасыз аукциондық сауда-саттыққа қатысу үшін берілген сату өтінімдерінің орнатылған қуаттарының жиынтық көлемі сұраныстың орнатылған қуат көлемінің 130%-ынан асады.

Алдын ала жеңімпаздар тізімінде қосылу нүктесі бірдей болып келетін бірнеше алдын ала қанағаттандырылған өтінімдер бар, олардың техникалық талаптарын орындау мүмкін емес, себебі осы құжаттамасыз өтінімдердің жиынтық көлемі көрсетілген қосылу нүктесі бойынша рұқсат етілген ең жоғарғы қуат көлемінен асып кетеді. Бұл жағдайда алдын ала жеңімпаздар тізімінен құжаттамасыз аукциондық сауда-саттыққа берілген өтінімдер көрсетілген қосылу нүктесі бойынша рұқсат етілген ең жоғарғы орнатылған қуат көлемі шарты орындалғанға дейін баға төмендеу ретімен алынып тасталады (7-сурет).

Құжаттамасыз аукциондық сауда-саттыққа қатысуға берілген соңғы талап етілген өтінімнің қанағаттандырылған көлемі оның мәлімделген көлемінің 50%-ы немесе одан көп. Белгіленген қуатты іріктеу көлемі құжаттамасыз аукциондық сауда-саттыққа қатысуға берілген соңғы талап етілген өтінімнің қанағаттандырылмаған қалдық көлеміне тең мөлшерге ұлғайтылады. Аукциондық бағалар құжаттамасыз аукциондық сауда-саттыққа сату үшін берілген өтінімдерде көрсетілген бағалар бойынша айқындалады (8-сурет).



7-сурет




8-сурет

7-мысал. Сұраныс және ұсыныс кестелері қиылысады. Құжаттамасы жоқ аукциондық сауда-саттықтарға сату бойынша өтінім берген қатысушылардың саны екі немесе одан көп.


Құжаттамасы жоқ аукциондық сауда-саттықтарға сату бойынша өтінімдердегі белгіленген қуаттың жиынтық көлемі белгіленген қуатқа сұраныс көлемінің 130%-ынан асады.

Алдын ала жеңімпаздар тізімінде бірдей атаулы қосылу нүктесі көрсетілген бірнеше алдын ала қанағаттандырылған құжаттамасы жоқ аукциондық сауда-саттыққа қатысуға берілген өтінімдер бар, олардың жиынтық көлемі осы қосылу нүктесі бойынша рұқсат етілген ең жоғары қуат көлемінен асып кеткендіктен, техникалық талаптарды орындау мүмкін емес. Бұл жағдайда, алдын ала жеңімпаздар тізімінен құжаттамасы жоқ аукциондық сауда-саттықтарға қатысуға берілген өтінімдер осы қосылу нүктесі бойынша белгіленген қуаттың ең жоғары рұқсат етілген көлеміне қол жеткізу шарты орындалғанға дейін баға кему ретімен алынып тасталады (9-сурет).

Соңғы сұранысқа ие өтінімнің қанағаттандырылған көлемі оның жарияланған көлемінің 50%-ынан аз. Белгіленген қуатты іріктеу көлемі ранжирленген тізімдегі құжаттамасы жоқ аукциондық сауда-саттыққа қатысуға арналған соңғы сұранысқа ие өтінімнің қанағаттандырылған көлеміне азайтылады. Аукциондық бағалар құжаттамасы жоқ аукциондық сауда-саттықтарға сату бойынша берілген өтінімдерде көрсетілген бағалар бойынша айқындалады (10-сурет).



9-сурет




10-сурет


8-мысал. Сұраныс және ұсыныс кестелері қиылысады. Құжаттамасы жоқ аукциондық сауда-саттықтарға сату бойынша өтінім берген қатысушылар саны екі немесе одан көп. Құжаттамасы жоқ аукциондық сауда-саттықтарға сату бойынша өтінімдердегі белгіленген қуаттың жиынтық көлемі белгіленген қуатқа сұраныс көлемінің 130%-ынан асады.

Алдын ала жеңімпаздар тізімінде бірдей атаулы қосылу нүктесі көрсетілген бірнеше алдын ала қанағаттандырылған құжаттамасы жоқ аукциондық сауда-саттықтарға қатысуға берілген өтінімдер бар, олардың осы қосылу нүктесі бойынша қосылу мүмкіндіктерінің саны рұқсат етілген шектен асып кетуіне байланысты техникалық талаптарды орындау мүмкін емес. Бұл жағдайда, алдын ала жеңімпаздар тізімінен құжаттамасы жоқ аукциондық сауда-саттықтарға қатысуға берілген өтінімдер осы қосылу нүктесі бойынша рұқсат етілген қосылу санына қол жеткізу шарты орындалғанға дейін баға кему ретімен алынып тасталады (11-сурет).

Соңғы сұранысқа ие өтінімнің қанағаттандырылған көлемі оның жарияланған көлемінің 50%-ына тең немесе одан көп. Белгіленген қуатты іріктеу көлемі ранжирленген тізімдегі құжаттамасы жоқ аукциондық сауда-саттықтарға қатысуға арналған соңғы сұранысқа ие өтінімнің қанағаттандырылмаған қалдық көлемінің шамасына ұлғайтылады. Аукциондық бағалар құжаттамасы жоқ аукциондық сауда-саттықтарға сату бойынша берілген өтінімдерде көрсетілген бағалар бойынша айқындалады (12-сурет).



11-сурет




12-сурет

9-мысал. Сұраныс пен ұсыныс графиктері қиылысады. Құжаттамасыз аукциондық сауда-саттыққа қатысуға сату бойынша өтінім берген қатысушылардың саны екіден кем емес.


Құжаттамасыз аукциондық сауда-саттыққа қатысуға сату бойынша өтінімдердің белгіленген қуат көлемінің жиынтығы сұраныстың белгіленген қуат көлемінен 130%-дан артық.

Алдын ала жеңімпаздар тізімінде бірдей қосылу нүктесі көрсетілген бірнеше алдын ала қанағаттандырылған өтінімдер бар, осы қосылу нүктесі бойынша мүмкін қосылулар санының асып кетуіне байланысты олардың техникалық талаптарын орындау мүмкін емес. Бұл жағдайда алдын ала жеңімпаздар тізімінен құжаттамасыз аукциондық сауда-саттыққа қатысуға берілген өтінімдер баға кему ретімен алынып тасталады, қосылу нүктесі бойынша рұқсат етілген қосылулар саны шарты орындалғанға дейін (13-сурет).

Белгіленген қуатты іріктеу көлемі сұранысқа ие соңғы өтінімнің қанағаттандырылған көлеміне тең шамада ранжирленген тізімнен азайтылады. Аукциондық бағалар құжаттамасыз аукциондық сауда-саттыққа қатысуға берілген сатуға арналған өтінімдерде көрсетілген бағалар бойынша айқындалады (14-сурет).



13-сурет




14-сурет

10-мысал. Сұраныс пен ұсыныс графиктері қиылысады. Құжаттамамен аукциондық сауда-саттыққа қатысуға сату бойынша өтінім берген қатысушылардың саны екіден кем емес.

Жеңімпазды анықтау сауда сессиясында аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімдерді қабылдау уақыты аяқталғаннан кейін ең төмен баға ұсынылған бір өтінімді таңдау арқылы жүзеге асырылады.

Бұл жағдайда жеңімпаз болып 1-ші қатысушы 19,5 тг/кВт*сағ бағасымен танылады (15-сурет).




15-сурет

11-мысал. Сұраныс пен ұсыныс графиктері қиылысады. Қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жобаларын іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттыққа қатысуға сату бойынша өтінім берген қатысушылардың саны екіден кем емес.

Жеңімпазды анықтау сауда сессиясында аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімдерді қабылдау уақыты аяқталғаннан кейін ең төмен баға ұсынылған бір өтінімді таңдау арқылы жүзеге асырылады.

Бұл жағдайда жеңімпаз болып 1-ші қатысушы 19 тг/кВт*сағ бағасымен танылады (16-сурет).



16-сурет